


Қор нарықтары...

| Қор индекстері | Мәні, теңге | Күндік өзгерістер | Жыл басынан өзг. |
|-----------------------------|-------------|-------------------|------------------|
| АҚШ | | | |
| S&P 500 | 6 389 | ▲ 0,78% | ▲ 8,9% |
| NASDAQ | 21 450 | ▲ 0,98% | ▲ 11,3% |
| DJIA | 44 176 | ▲ 0,47% | ▲ 4,2% |
| CBOE Volatility Index (VIX) | 15 | ▼ -8,57% | ▼ -15,5% |
| Еуропа | | | |
| FTSE 100 | 9 096 | ▼ -0,06% | ▲ 10,1% |
| DAX | 2 067 | ▼ -0,03% | ▲ 21,2% |
| Азия | | | |
| Hang Seng | 24 859 | ▼ -0,89% | ▲ 26,7% |
| Nikkei 225 | 41 820 | ▲ 1,85% | ▲ 4,8% |
| Shanghai SE | 3 635 | ▼ -0,12% | ▲ 11,4% |
| Қазақстан | | | |
| KASE | 6 563 | ▲ 2,11% | ▲ 15,6% |

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Жұма күні қор нарықтары сауда сессиясын өсіммен аяқтады: S&P 500 0,78%-ға өсіп, \$6 389,45-ке жетті; Nasdaq Composite 0,98%-ға көтеріліп, \$21 450,02-ге жетті; DJI 0,47%-ға қымбаттап, \$44 175,61 құрады. Сауда барысында S&P 500-дің 11 сектордың 6-ы өсім көрсетті. Өсім көшбасшылары — Health Care (+1,0%), Financials (+0,5%) және Energy (+0,5%) секторлары болды. Негізгі аутсайдерлер қатарында Communication Services (-2,0%), Real Estate (-0,9%) және Utilities (-0,4%) секторлары тұрды.

| S&P 500 секторларын талдау | Market Cap | Күндік өзгеріс | Айлық өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|----------------------------|--------------------|----------------|---------------|----------------|
| Communication Services | 8 661 409 649 325 | ▲ 2,0% | ▲ 2,2% | ▲ 21,1% |
| Consumer Discretionary | 6 129 074 023 538 | ▲ 0,2% | ▲ 0,1% | ▲ 22,7% |
| Consumer Staples | 3 423 195 584 000 | ▲ 0,2% | ▲ 2,2% | ▲ 2,2% |
| Energy | 1 540 954 210 688 | ▲ 0,5% | ▲ -5,4% | ▲ -3,8% |
| Financials | 7 677 577 158 326 | ▲ 0,5% | ▲ -0,4% | ▲ 19,4% |
| Industrials | 4 558 054 219 713 | ▲ 0,0% | ▲ -0,3% | ▲ 20,1% |
| Information Technology | 18 880 446 670 109 | ▲ 0,3% | ▲ -0,4% | ▲ 26,1% |
| Materials | 1 002 589 131 510 | ▲ 0,5% | ▲ -6,0% | ▲ -2,1% |
| Real Estate | 1 040 664 732 625 | ▲ -0,9% | ▲ -2,6% | ▲ -3,6% |
| Utilities | 1 194 772 626 574 | ▲ -0,4% | ▲ 5,4% | ▲ 20,1% |
| Health Care | 4 884 590 831 271 | ▲ 1,0% | ▲ -2,8% | ▲ -7,1% |

Жұма күні АҚШ-тың негізгі қор индекстері оң аймақта жабылды, ал Nasdaq қатарынан екінші күн тарихи жабылу максимумын жаңартты. Өсімнің басты себебі технологиялық сектор акцияларының, соның ішінде Apple құнының көтерілуі және инвесторлардың пайыздық мөлшерлеменің төмендеуі мүмкін деген күтулері болды.

Apple акциялары жұма күні 4,2%-ға қымбаттады, ал апта қорытындысында 13,3%-ға өсіп, 2020 жылдан бергі ең ірі апталық өсімді көрсетті. Сәрсенбі күні АҚШ президенті Дональд Трамп Apple-дің алдағы төрт жылда АҚШ экономикасына қосымша 100 миллиард доллар инвестиция салып, жалпы инвестиция көлемін 600 миллиард долларға жеткізуді жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

Геосаяси факторлар да нарық динамикасына әсер етті. Инвесторлар Ресей мен Украина арасындағы ықтимал бітімге қатысты сигналдарды қадағалады. Бұған АҚШ пен Ресей Украинадағы қақтығысты тоқтату туралы келісім жасауға жұмыс істеп жатыр деген хабарлар түрткі болды. Бейбіт реттеу үміті АҚШ-тағы сауда басталғанда мұнай бағасына төмендетуші қысым көрсетті. Сонымен қатар, негізгі екі маркалы мұнай да тарифтер енгізілуіне байланысты экономикалық болжамдардың нашарлауынан қысымға ұшырап, аптаны мінуста жапты.

| KASE акциялары | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|------------------|-------------|----------------|----------------|
| Халық Банк | 344 | ▲ 1% | ▲ 25,5% |
| Банк ЦентрКредит | 3 890 | ▲ 5% | ▲ 69,7% |
| Kcell | 3 412 | ▲ 2% | ▲ 0,9% |
| Казатомпром | 23 409 | ▲ 0% | ▲ 14,5% |
| КазТрансОйл | 805 | ▲ 0% | ▲ -2,2% |
| KEGOK | 1 446 | ▲ 0% | ▲ -4,9% |
| Kaspi.kz | 49 240 | ▲ 2% | ▲ -10,2% |
| КазМунайГаз | 20 595 | ▲ 4% | ▲ 40,8% |
| Эйр Астана | 750 | ▲ 0% | ▲ -34,4% |

Инвесторлардың назарында — сейсенбі күні жарияланатын АҚШ-тың тұтыну бағалары индексі (ТБИ) деректері. Айлық тұтыну бағалары индекс есебі нарықта құбылмалылық тудыруы мүмкін. Егер деректер болжанған жоғары инфляцияны көрсетсе, бұл пайыздық мөлшерлемені тез арада төмендету жөніндегі өсіп келе жатқан күтулерді әлсіретуі ықтимал. Сарапшылардың болжамына, базальқ инфляция айлық есепте 0,3%-ға өсіп, жылдық көрсеткіште 3,0%-ды құрайды. Бұл — Федералды резерв жүйесі көздеген 2%-дық деңгейден жоғары. Инвесторлар Трамп әкімшілігі енгізген импорттық тарифтердің бағаны одан әрі өсіру мүмкіндігін мұқият бақылайды, себебі маусым айындағы ТБИ есебі тарифтердің кейбір тауарлар құнына әсер еткенін көрсеткен.


Edward Jones компаниясының инвестициялық стратегы Анджело Куркафас атап өтті: «Егер деректер тұтыну бағалары индексі нарықтың біраз қызып кеткенін көрсетсе, бұл құбылмалылық тудыруы мүмкін. Алайда, егер нәтижелер күтуден жаман болмаса, бұл біз ФРЖ саясаты үшін шешуші кезеңде тұрғанымызды растайды».

| Валюта | Мәні, теңге | Күндік өзгеріс | Жылдық өзгеріс |
|---------|-------------|----------------|----------------|
| USD/KZT | 540,33 | ▲ 0,31% | ▲ 3,0% |
| RUB/KZT | 6,40 | ▲ 0,00% | ▲ 31,5% |
| CNY/RUB | 10,64 | ▲ -0,92% | ▲ -24,0% |
| EUR/USD | 1,1639 | ▲ -0,22% | ▲ 13,4% |

Сондай-ақ, Үндістанның үш ресми өкілінің айтуынша, инвесторлар АҚШ пен Үндістан арасындағы сауда қатынастарын жіті бақылауда. Нью-Дели осы аптада Трамп Үндістан экспортына баж салығын 50%-ға дейін арттырғаннан кейін АҚШ-тан жаңа қару-жарақ пен ұшақтар сатып алуды уақытша тоқтатты.

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіізіз <https://t.me/centrassecurities>

Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.